БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Ленин туы

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 63 (9381) | 1954 жылғы 23 март Сейсенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тиын.

Коммунистік партия жұмысшылар мен шаруалардың мызғымас одағын, Отанымыздың халықтарының достығын нығайтуға, еліміздің экономикасының онан сайын гүлдене беруі, совет адамдарының материалдық және мәдени дәрежесінің арта түсуі жөнінде қажымай-талмай қамқорлық жасауда.

Н. С. ХРУЩЕВ.

# Елімізде астық өндіруді онан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы

## *Н. С. ХРУЩЕВ жолдастың СОКП Орталық Комитетінің Пленумында 1954 жылғы 23 февральда жасаған баяндамасы*

(Жалғасы. Басы «Ленин туының» өткен санында)

Кәзір қорытынды жасауға асығудың керегі жоқ. Тәжрибе жүргізу үшін уақыт керек. Юсупов, Ниязов, Ғафуров жолдастар және мақта егетін басқа республикалардың басшылары мақтаны шаршы-ұялап егу жөнінде тәжрибе жұмыстарын ұйымдастырады деп ойлаймын. Мақтаны механизммен баптау, сондай-ақ жыйнау мәселелерін ойдағыдай шешу мақта өсіруде еңбек өнімділігін едәуір арттыруға және мақтаның шығымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

**Қант қызылшасы туралы.** Мұнда да істің жайы сәл жақсарды. Совет Одағында қант өндіру және тұтыну революцияға дейінгі дәуірмен салыстырғанда үш есе дерлік артты. Бірақ, бұл біздің тілектерімізді әлі де қанағаттандырмайды. Қант өндіруді ең болмағанда 2 есе арттыру керек. Бұл үшін, қызылшаның шығымдылығын арттырумен қатар, таяудағы 2—3 жылдың ішінде қант қызылшасының егісін кем дегенде 300 мың гектар ұлғайту қажет. Қызылшаның егісін Украинаның батыс аудандарында және орталық- қаратопырақты аймағында ұлғайтқан жөн. Мұнда осы дақылды өсіру үшін қолайлы топырақ және климатты жағдайлар бар. Белорусс, Литван, Латыш және Эстон республикаларының көптеген облыстарында да, сондай-ақ Новосибирь, Омск, Ульяновск облыстарының және кейбір басқа облыстардың көптеген аудандарында қант қызылшасынан мол өнім алуға болады.

Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті мен Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігінің қант қызылшасының егіс көлемі арттырылатын аудандарда қант заводтарының қуатын ұлғайтуды қарастыруы керек.

**Майлы дақылдар туралы.** 1953 жылы майлы дақылдардың егіс көлемі 1940 жылмен салыстырғанда 524 мың гектар, яғный 10,4 процент артты. Амал қанша, күнбағыстың және басқа майлы дақылдардың шығымдылығы әлі де өте төмен болып келеді.

Өсімдік майын өндіруді арттыру үшін егіннің шығымдылығын мықтап арттырумен қатар ең алдымен Поволжье, Қазақстан, Батыс Сибирь және Урал аудандарында күнбағыс, майлы зығыр, тағы басқа дақылдар егісін 500—600 мың гектар ұлғайту қажет. Сонын өзінде күнбағыс пен басқа дақылдардың майы мол жаңа сорттарын өндіріске енгізу қосымша 2 миллион центнерге жуық өсімдік майын алуға мүмкіндік береді. Күнбағыс пен майкенені шаршы-ұялап егу әдісін кеңінен қолдану керек, мұның өзі бұл дақылдарды баптау ісін механикаландырып, шығымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Күнбағыс өнімін жыйнаған кезде, комбайнда арнаулы тетіктердің болмауы салдарынан әр гектардан 2—3 центнерге дейін күнбағыстың ысырабына жол беріліп жүр. Күнбағыс жыйнауға пайдаланылатын комбайндарды тиісті тетіктермен

Азия аудандарын айтып отырмын. Сауда ұйымдарынан Москва, Киев, Ленинград және басқа қалалар үшін қарбыз бен қауын сатып алуды ұйымдастыру керек, ал транспорт қызметкерлері ең алдымен арзан су транспортын пайдалана отырып, бұларды мезгілінде тасуды қамтамасыз етуі керек.

**Бақтар, жидектер және жүзімдіктер туралы.** Соңғы санақтың мәліметтеріне қарағанда, бізде жеміс, жидек ағаштары 2,2 миллион гектарға жетіп отыр, соның ішінде колхоздарда 700 мың гектардай, мемлекеттік шаруашылықтарда 230 мың гектар, колхозшыларда, жұмысшылар мен қызметшілерде 1 миллион 250 мың гектар бақ бар. Бұл, әрине, мүлде жеткіліксіз.

Біз жеміс жөніндегі өсіп отырған тілекті неғұрлым тез қанағаттандыруға шаралар қолдануға міндеттіміз. Жаңа бақтардың жетінші-сегізінші жылда ғана жеміс бере бастайтынын ескеру керек. Мұның мәнісі —жаңа бақтар мен жүзімдіктер жасау ісін кешеуілдетуге болмайды деген сөз.

Құлпынайдың, малинаның, тошаланың, қарақаттың және басқа жидектердің егіс көлемін, әсресе, өнеркәсіп орталықтары мен ірі қалалардың төңірегінде мықтап ұлғайту керек, мұның өзі бір-екі жылда халықты бағалы тамақ өнімдерімен жабдықтауды күшейтуге мүмкіндік береді.

Елімізде кәзірдің өзінде жеміс шаруашылығы мен жүзім шаруашылығының товарлы өнеркәсіп аудандары: Закавказье, Орта Азия, Молдавия, Украина, Солтүстік Кавказдың, Қырымның және орталық - қаратопырақты облыстардың аудандары бұған бейімделіп отыр, бұл аудандарда шаруашылықтың осы салалары бұдан былай да кең көлемде өркендетілуге тиіс.

Жемісті көп жыйнау үшін жеміс-жидек ағаштары мен жүзімдіктерге қосымша көп жер бөлу керек. Жаңа бақтар мен жүзімдіктер жасаған кезде жас күйінде тұтынылатын жемістер мен жүзім, кеш мезгілде пісетін алма мен алмұрт сорттарын, тасымалға қолайлы асханалық жүзім сорттарын өндіруді арттыруға негізгі көңіл бөлінуге тиіс. Мұнымен қатар, шарап жасалатын жүзім өсіру ісін де ұлғайту керек.

Қоғамдық бақ шаруашылығын өркендетумен қатар колхоздар колхозшылардың үй іргесінде бақ шаруашылығын өркендетуіне көмектесіп отыруға тиіс.

**Цитрус дақылдары туралы.** Халық цитрустарға—лимонға, мандаринге, апельсинге зор тілек қойып отыр. Грузияда, Краснодар өлкесінде және кейбір басқа аудандарда бұл дақылдар көп өндірілуге тиіс.

Грузияда ашық далада, сондай-ақ колхоздары лимонды қолдан жылытпай өсіретін Тәжік және Өзбек ССР-лерінде цитрустар өндірудің траншеялық әдісін қолданатын аудандарда мандарин мен лимон бақтарының көлемін ұлғайту қажет. Мұнымен қатар лимонарийлерде лимон өсіру үшін заводтардан шығып қалатын тегін жылылықты көбірек пайдалану керек.

Ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеуге және консер-

руашылығын өркендетуге онша қолайлы еместігіне қарамастан, істің жайы осылай болып отыр. 1953 жылы қаратопырақты емес аймақтың колхоздары мемлекетке еліміздің колхоздарында жүн дайындау жоспарының үш проценті мөлшерінде ғана жүн тапсырды. Міне сондықтан бұл аудандар үшін қой өсіруді міндетті түрде жоспарлаудың керегі жоқ. Колхоздар мен колхозшылар, жергілікті жағдаймен санасып, өз қалауы бойынша, әсресе, терісінен тон жасауға болатын қойлар өсіре алады және өсіруге тиіс.

Биязы жүнді қой өсіру анағұрлым тиімді болатын Украинаның, Краснодар өлкесінің, Астрахань және Сталинград облыстарының бірқатар аудандарында қаракөл қой санын едәуір көбейтуді жоспарлау оншалық дәлелді емес.

Соғысқа дейінгі дәуірмен салыстырғанда Совет Одағындағы шаруашылықтардың барлық категорияларында қой мен ешкі саны 91,6 миллионнан 1953 жылғы 1 октябрьге дейін 135,9 миллионға жетті. Өткен жылы бізде 230 мың тоннадан сәл асатын мөлшерде ғана жүн алынды, соның ішінде 32 мың тонна ғана биязы жүн алынды.

Таяудағы жылдардың ішінде халыққа жүн маталарын сатуды 2—2,5 есе арттыру үшін елімізде жүн өндіру 1958 жылы шамамен 450 мың тоннаға дейін, соның ішінде биязы жүн—150 мың тоннаға дейін арттырылуға тиіс.

Биязы және жартылай биязы жүн өндірудің негізгі аймағы, сонымен қатар биязы жүнді қой шаруашылығының тұқымдық базасы Солтүстік Кавказдың, сондай-ақ Оңтүстік Украинаның, төменгі және орта Поволжьенің колхоздары мен совхоздары болып табылады. 1952 жылы елімізде өндірілген биязы жүннің 66 проценті Солтүстік Кавказ аудандарының үлесіне келіп отыр. Бірақ, мұнда да жүн өндіруді онан әрі арттыруға болатын мүмкіндіктер тіпті де толық пайдаланылмай келеді.

Бұл аудандарда биязы жүнді қой санын көбейтуге және жүнді көп қырқуға көбінесе жайылымның жақсартылмауы кедергі болып отыр. Жайылымның едәуір бөлегі суландырылмаған, сондықтан көптеген колхоздар жазғы уақытта қойға керекті суды кейде ондаған километр жерден тасып жеткізуге мәжбүр болып жүр. Таяудағы жылдарда жайылымдарды суландыру жөнінде зор жұмыстар жүргізіліп, Солтүстік Кавказда, Украинаның Оңтүстігінде және Поволжьеде 2—3 мың құдық қазып, жер суландыратын, суаратын каналдар салу қажет.

«Қара жерлер» мен кизляр жайылымдары биязы жүнді қой шаруашылығын өркендету үшін анағұрлым қолайлы: бұл жайылымдарда қыста қой бағу қырқылатын жүнді бір килограмм және онан да арттырады. Бірақ, бұл жайылымдар тиімсіз пайдаланылып келеді.

Астрахань облысындағы «қара жерлер» мен оған іргелес аудандардың территориясында Совхоздар министрлігінің 13 қаракөл және 7 ет совхозы орналасқан. Бұл совхоздарда мал- ... жарты миллион гектарға жуық жайы-

ра жерлердегі» қойды небары 20—25 күнге жететін пішенмен ғана қамтамасыз етті.

Ауа райының қолайсыз жағдайларына байланысты быйылғы январь, февральда жолдарды тракторлармен, грейдерлермен, бульдозерлермен, тіпті танктермен тағы да тазартып, жемшөпті автомашиналармен асығыс жеткізуге тура келді. Ал, шынында, өлкенің қой өсіретін колхоздарының көпшілігінде 10—15 автомашина бола тұрып, олардың «қара жерлерге» жемшөпті жеткілікті мөлшерде күнілгері тасып жеткізуіне, сөйтіп, биязы жүнді қойдың жаппай өлуіне жол бермеуіне болатын еді.

Ауыл шаруашылығының жеке салаларын жоспарлау және орналастыру ісінің жайы міне осындай, жолдастар. Бұл кемшіліктерді жою егіншілік пен мал шаруашылығын онан әрі өркендетуге қолайлы жағдай тудырады.

* * *

Ауыл шаруашылығын комплексті механикаландыру туралы мәселе пісуі жеткен мәселелердің бірі болып табылады. Бізде ауылшаруашылық дақылдары және шаруашылықтың жеке салалары жөніндегі жұмыстардың комплексін орындауға керекті машиналардың, құралдар мен механизмдердің толық комплексі әлі күнге дейін болмай келеді.

Астық өндіру ауыл шаруашылығының неғұрлым механикаландырылған саласы болып табылады, бірақ, мұнда да еңбекті көп керек ететін бірқатар жұмыстар әлі де нашар механикаландырылған немесе мүлде механикаландырылмаған. Мұндай жұмыстарға ең алдымен астықты жыйнағаннан кейін өңдеу (тазалау және кептіру), астық өлшеу, тиеу және түсіру, сабан мен топанды жыйнап, маялау жұмыстары жатады. Осының салдарынан егін жыйналғаннан кейін астықты өңдеп, сабан мен топанды жыйнауға дәнді дақылдарды өсіру жөнінде бұған дейін жүргізілген барлық жұмыстардан анағұрлым көп еңбек жұмсалады.

Қант қызылшасын өсіруді комплексті механикаландыру ісін аяқтау мәселесі қатты қойылып отыр. Есептерде қант қызылшасын жыйнау ісінің механикаландырылу дәрежесі 80 процент деп көрсетіледі, ал, шынында комбайндармен қант қызылшасының 7 проценті ғана жыйналып, қалған 73 проценті қызылша қазғыштармен жыйналады. Оның бер жағында қызылша қазғыш—шынына келгенде ескі құрал, оны қолдану тек қызылшаны қазу жұмысын ғана механикаландырады, ал, қалған жұмыстардың бәрі қолмен атқарылады.

Салалы зығыр, конопля, мақта, жемшөп дақылдарын өсіру және жыйнау, жемшөп өңдеу және ауыл шаруашылығының бірқатар басқа салалары жөніндегі еңбекті көп керек ететін көптеген жұмыстар да механикаландырылмаған.

Жұмысшы күшін азайтуға мүмкіндік беретін жаппалы машиналар мен құралдарды қолданудың артықшылықтары мен экономикалық пайдасы жалпыға мәлім, өйткені, машиналар мен құралдарды тракторшы басқарады да оған тіркеуші керек болмайды. МТС-тер мен совхоздарда 1956 жылдың ая-

**Салалы зығыр туралы.** Біздің ауыл шаруашылығымызда зығыр өсіру ісінің жайы төзуге болмай отыр. Колхоздарда зығыр егісінің көлемі соңғы үш жылдың ішінде үштің біріндей азайып кетті. Зығырдың шығымдылығы және әсресе, зығыр талшығы мен тұқымының товарлы өнімі әлі де өте аз болып келеді.

Сірә, зығыр тұқымы жөніндегі материалдық ынталандыру шаралары оншама сәтті болмаса керек, сондықтан бұл шаралардың әсері аз болып отыр. Бұл істегі кемшіліктерді жою керек.

Таяудағы жылдарда біздің зығыр егісінің көлемін, ең алдымен, қара топырақты емес өңірде және Урал мен Сибирьдің бірқатар аудандарында шамамен біржарым есе, сонымен қатар, зығыр талшығы мен тұқымының түсімін едәуір арттыруымыз қажет. Зығыр өсіретін колхоздарды агротехникалық жағынан қамту ісін жақсарту қажет.

**Картоп, овощь және бақша дақылдары туралы.** Картоп, овощь шаруашылығын өркендету шараларын сентябрь Пленумы белгілеп берді. Бұл арада менің мынаған тағы да назар аударғым келеді: картоп пен овощь өндіруді арттыру үшін, шығымдылығын мықтап арттырумен қатар, таяудағы жылдарда бұл дақылдардың егіс көлемін ең кемінде 500—600 мың гектар көбейту керек.

Жаңа жерлерді игеру және егіс көлемінің құрылысын жақсарту бұл міндетті де ойдағыдай шешуге мүмкіндік береді.

Біз қалаларымызды карбызбен және қауынмен бір жылдың ішінде-ақ қамтамасыз ете аламыз. Ол үшін бұл дақылдарды өсіруге неғұрлым қолайлы аудандарда осы дақылдарды қажетті мөлшерде егу керек. Мен мұнда Поволжье, Украинаның оңтүстігі, Солтүстік Кавказ аудандарын, сондай-ақ Орта Азияны ... білеуге ерекше назар аудару керек болады. Жазда, жемістер піскен кезде, бірқатар аудандар жемісті қайда қоярын білмейді. Ал, басқа уақытта жемістің, жидектің, тіпті овощтың да тапшылығы қатты сезіледі, өйткені, буларды ұзақ уақыт сақтауға жағдай жасалмаған.

Ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтарынан алыс тұратын өнеркәсіптік бақ шаруашылығы мен огород шаруашылығы аудандарында жеміс пен овощьты қайта өңдейтін кәсіпорындар құрылысын ұлғайту қажет. Амал қанша, бізде жеміс пен овощьты қайта өңдейтін кәсіпорындардың овощьты көбінесе жас күйінде тұтынуға тиісті үлкен қалалар мен өнеркәсіп орталықтарына жақын орналастырылатын жағдайлары жиі кездеседі.

Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті және тиісті министрліктер халықты овощьпен, жемiспен, жидекпен жас және консервіленген күйінде бүкіл жыл тәулігі бойы іркіліссіз жабдықтап отыруды ұйымдастыру жөнінде зор жұмыс істеулері керек.

Шай өсіруге көңіл бөлуді бәсеңдетуге болмайды. Грузияның, Азербайжанның, Краснодар өлкесінің колхоздары, совхоздары, мамандары мен ғалымдары елеулі табыстарға жетіп отыр. Соңғы жылдардың ішінде шайдың отандық жақсы сорттары өсірілді. Бірақ, отандық шай өндірудің қол жеткен дәрежесі бұқара тұтынатын осы өнім жөніндегі халықтың тілегін әлі де қанағаттандырмайды.

Азербайжанда, Краснодар өлкесінде және Грузия аудандарында шай плантацияларының көлемін 85 мың гектарға дейін ұлғайту, сонымен қатар, шайдың шығымдылығын арттыру белгіленді.

Әсресе, шай жапырағын қайта өңдеуді жақсарту есебінен шайдың сапасын арттыруға елеулі көңіл бөлу қажет.

# Ауыл шаруашылығы салаларын жоспарлаудың кейбір мәселелері

Орталық Комитеттің сентябрь Пленумында айтылған жоспарлау мәселелеріндегі кемшіліктер мен қателіктердің өте баяу жойылып отырғанын атап айту керек.

Жоспарлаудың қазіргі практикасында белгілібір ауылшаруашылық дақылдарын орналастыру көп жағдайда экономикалық және топырақ-климат жағдайларымен, сондай-ақ жергілікті халықтың ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларын жүргізуде қалыптасқан тәжрибесімен үйлеспейді.

Осы Пленумда біз бұл мәселе жөнінде өз тілектерімізді айтуға тиіспіз. Мен, сонымен қатар, талқылау ретінде кейбір пікірлерді айтқым келеді.

Бізде жоспарлау ісінің шамадан тыс орталықтандырылғаны туралы жергілікті қызметкерлер мүлде дұрыс мәселе қойып отыр. Мұның өзі қолда бар мүмкіндіктерді пайдалануға бөгет болып, колхозшылардың творчестволық инициативасын тежейді және олардың егін шығымдылығын арттыруға ынталылығын бәсеңдетеді. Менінше, бұл ескертпелерге көңіл бөлуге әбден болады.

Мынаны еске салайын: партияның Орталық Комитеті мен үкмет 1939 жылдың өзінде, дәнді дақылдардың шығымдылығын онан әрі арттыру, жеке дәнді дақылдар егісін жоспарлау үшін колхоздардың жауапкершілігін күшейту және қалың колхозшылар бұқарасын жоспарлау жұмысына қатыстыру ісінде колхозшылардың инициативасын дамыту мақсатымен, бұрыннан қолданылып келген, колхоздарға әрбір дәнді дақыл жөнінде жеке-жеке жоспарлар міндетті түрде берілетін тәртіпті өздерінің қаулысымен өзгерткен болатын. Бұл қаулымен белгіленген тәртіп бойынша колхоздардың топырақ-климат және шаруашылық жағдайларын еске ала отырып, егіс жоспарын дәнді дақылдарға қарай өзінің қарауынша бөлуіне, бірақ, мемлекетке астық тапсыру жөніндегі міндеттемелердің тиісті дақылдармен орындалуын қамтамасыз ететін болуына право берілген болатын.

Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті мен Ауылшаруашылық министрліктер жоспарлаудың бұл тәртібін кеңінен белгілеп, бұл тәртіпті ауылшаруашылық өндірісінің барлық салаларын жоспарлаған кезде қолданады деп күтуге болатын еді. Ал, іс жүзінде бұдан басқаша болып шықты. Бұрынғы тәртіппен салыстырғанда зор артықшылықтары бар бұл тәртіп Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті мен Ауылшаруашылық министрліктерінің жұмыс практикасында еске алынбады және іс жүзінде қолданылмай келді.

Біздің жоспарлау ісінде ауыл шаруашылығын өркендетуге жоспарлы басшылық етуді мемлекет қолында сақтай отырып, жер-жердің инициативасын өрістетуге мүмкіндік беретіндей тәртіп орнатуымыз керек.

Ауыл шаруашылығы өндірісін дұрыс жоспарлау ауылшаруашылық жерлерінің әрбір жүз гектарынан барынша көп өнім алуға көмектесетін болуға тиіс. Алдағы уақытта біздің жоспарларымызда бұл принциптің орын алатын болуын ойластыру керек. Соның өзінде стихиялық тәртіпке жол беруге болмайды, мемлекет ауылшаруашылық өнімдерінің белгілі мөлшерін тапсыру жөнінде тапсырмалар белгілей отырып, облыстар, өлкелер мен республикалар үшін шешуші көрсеткіштер жөнінде өндірісті жоспарлап отыруға тиіс.

Егер белгілібір дақылдардың, мысалы, қант қызылшасының, мақтаның, зығырдың, жүзімнің егіс көлемін ұлғайту қажет болған күнде, үкмет бұл дақылдарды өсіру жөнінде тапсырмалар белгілейді. Мұндай жағдайда қарар қабылданып, бұл қарар аудандарға, машина-трактор станцияларына, колхоздарға жеткізіледі.

Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті мен Ауылшаруашылық министрліктерінің бұл мәселелерді егжей- тегжейіне жете мықтап зерттеп, қажетті ұсыныстар енгізуі керек.

Мал шаруашылығы салаларын орналастыруды жоспарлауісіндегі кемшіліктерді де түзету керек. Бұл істе де қателіктер аз емес. Мысалдар мынадай:

Сүрленетін дақылдар, картоп және тамыржемістер өсіру үшін, демек, сүтті мал шаруашылығын жедел өркендету үшін жақсы сапалы табиғи шабындықтары мен қолайлы жағдайлары бар қара топырақты емес аймақтың бірқатар облыстарының колхоздарында сиыр баяу өсіп, соғысқа дейінгі дәрежеге әлі жеткен жоқ.

Оның бер жағында бұл колхоздарда қой шаруашылығы жоспарланған, ал, оны өркендету үшін мұнда қажетті жағдайлар жоқ. Архангельск және Вологда облыстарының колхоздарында 1954 жылғы 1 январьға дейін сиыр саны 1940 жылмен салыстырғанда 87—83 процент болып отыр, ал, қой саны соғысқа дейінгі дәрежеден 25—10 процент асып түскен, Владимир облысының колхоздарында қой саны тіпті 86 процент көбейген.

Осы қара топырақты емес бүкіл өңірдің өзінде сүтті мал шаруашылығының аса маңызды ауданында—сиыр малының саны соғысқа дейінгі дәрежемен салыстырғанда 5 процент ғана артқанын, ал, қой саны 55 процент көбейгенін айту керек. Бұл аймақтың көптеген аудандары мол өнімді қой ша-

...лым бар. Қаракөл қойларын Астрахань облысынан Қазақстанға көшіріп, Қаракөл және ет совхоздарының жерін биязы жүнді қой өсіру үшін пайдаланған жөн болар еді, мұның өзі биязы жүнді қой шаруашылығына керекті жайылым мөлшерін 3 миллион гектарға дейін арттырған болар еді.

Жергілікті ұйымдар мен одақтық Ауыл шаруашылығы министрлігі қызметкерлерінің бұл мәселені зерттеуі Солтүстік Кавказ аймағында, Поволжье және Украин аудандарымен бірге қой санын 4—5 жылдың ішінде 32 миллионнан 51 миллионға дейін арттыруға, жүн өндіруді, көбінесе биязы жүнді және жартылай биязы жүн өндіруді—68 мың тоннадан 1958 жылы 160 мың тоннаға дейін арттыруға болатынын көрсетті.

Алтай, Красноюр өлкелерінің, Омск және Чита облыстарының, Бурят-Монгол АССР-нің және Сибирьдің басқа аудандарының орасан мол жер байлығы мұнда биязы және жартылай биязы жүн өндірісінің екінші базасын жасауға мүмкіндік береді. Сибирьдің көптеген озат колхоздарының мысалдары биязы жүнді қойдан орта есеппен 4—4,5 килограмм және жартылай биязы жүнді қойдан 3—3,5 килограмм жүн алуға болатындығын айқын дәлелдеп отыр.

Қазақстанда және Орта Азия республикаларында қой шаруашылығын өркендету үшін орасан зор мүмкіндіктер бар. Мұнда қойдың жалпы санын 1958 жылдың октябріне дейін 2 есе дерлік арттырып, қазіргі кездегі 37 миллионның орнына 60 миллионға дейін жеткізуге болатыны есептеліп шығарылды.

Өзбек, Түркмен, Тәжік ССР-лерінде, Қазақ ССР-нің оңтүстік аудандарында қаракөл және құйрықты қойлар санын едәуір арттыру және елтірі сапасын жақсарту үшін жағдай бар.

Орта Азия мен Қазақстан аудандарында қой санын онан әрі көбейту міндетін ойдағыдай шешу үшін жайылымды суландыру жөнінде зор жұмыстар жүргізу қажет. Бұл аудандарда 120 миллион гектардан аса жайылым бар, бұл жайылым қазіргі уақытта су болмауы себепті мүлде дерлік пайдаланылмай отыр. Таяудағы 2—3 жылдың ішінде Қазақстан мен Орта Азия аудандарында кем дегенде 40 миллион гектар жайылым суландырылып, игерілуге тиіс.

Ықтимал болатын стихиялық апаттар үшін қойдың сақтық жемшөп қорын жасауға өте елеулі көңіл бөлу керек. Жұртқа мәлім, мал жайылым отарларында кейбір жылдары қар қалың жауып, малдың тебінде болуына мүмкіндік бермеуі салдарынан жүздеген мың және миллиондаған мал өліп жүр. Мысалы, 1951 жылғы январь, мартта Қазақстанның өзінде ғана біржарым миллионнан аса қой өлді, Өзбек ССР колхоздарында 350 мың қой өлді.

Колхоздарға көмек көрсетуге және стихиялық апаттардың зардаптарын жоюға байланысты шығындар, тіпті шамалап есептегеннің өзінде ғана 1951 жылы 600 миллион сомнан артық болды. Ең кемінде бір қойға бір-екі центнер мөлшерінде мал қыстайтын жерлерге мезгілінде тасып жеткізілген сақтық жемшөп қорының болуы жылдың қолайсыз жағдайында малды аман сақтаудың кепілі болып табылады.

Бірақ, өткен жылдардың қайғылы тәжрибесінен бірқатар республикалар мен облыстардың басшылары ешнәрсе де үйренбеді. Бұдан 3 жыл бұрын Ставрополь өлкесінің колхоздарында қысқы жайылымдарда 300 мыңға жуық биязы жүнді қой өлді. Бірақ, өлкенің колхоздары биылғы жылда да «қа-

...құралдарды қолдану кемінде 300 мың тіркеушіні басқа жұмысқа босатуға мүмкіндік береді. Жаппалы машиналар жасауға тіркемелі машиналар жасаудан гөрі 2 есе дерлік кем металл жұмсалады. Жаппалы құралдарды қолдану, осы уақытқа дейін баяу жүргізіліп келеді; іс жүзінде бұларды жаппай шығаруға соңғы кезде ғана кірісілді.

Жеке машиналардың конструкциялары бір комплекті жұмыс істеуге тиісті басқа машиналармен ұштастырылмай жасалып, шығарылып келді. Мысалы, көп жылдар бойы екі қатарлы картоп отырғызғыш шығарылып келді, ал, картоптың қатарaралығын өңдеуге керекті культиваторлар төрт қатарлы болып шығарылды, оның бер жағында екі қатарлы машинамен отырғызылған картопты төрт қатарлы культиватормен өңдеудің көп жағдайда мүмкін емес екені жұртқа мәлім.

Ауыл шаруашылығы министрлігі, Совхоздар министрлігі, Машина жасау министрлігі және ССРО Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті бұл істі бетімен жіберді.

Таяудағы 1—2 жылда елімізді ауыл шаруашылығындағы еңбекті жеңілдетіп, оның өнімділігін арттыратындай машиналармен, механизмдермен қамтамасыз ету қажет. Бізде конструкциялары жетілген машиналарды жасай алатын маман кадрлар жеткілікті, ал, біздің өнеркәсібіміз қандай машинаны болса да жасауды қамтамасыз ете алады.

Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының запас бөлшектерін жасау ісінің жайы нашар. Өнеркәсіп министрліктері запас бөлшектер жасаудың мемлекеттік жоспарын жылдан- жылға орындамай келеді. Запас бөлшектер, әдетте, бекітілген номенклатура бойынша шығарылмай, жалпылама, яғный бөлшектің өзіндік құны бойынша шығарылып жүр. Соның салдарынан ауыл шаруашылығына тіпті орасан көп зиян келтірілуде. Жеке бөлшектер болмауы себепті көптеген тракторлар мен машиналар қарап тұрады, осының салдарынан ауылшаруашылық жұмыстарын жүргізу мерзімдері ұзаққа созылып, егіннің шығымдылығы азаяды.

Машина жасау министрлігі мен оның жабдықтау органдары МТС-тер мен совхоздардың қажетті запас бөлшектерді мезгілінде және қажетті мөлшерде алатын болуына немқұрайдылықпен қарайды. Запас бөлшектер шығарудың қайдағы бір шешілмес проблемаға неліктен айналғаны, министрлік қызметкерлерінің осы маңызды іске жауапсыздықпен қарап, МТС-тер мен совхоздардың тілегінен бойын аулақ салуы неліктен екені жөнінде Машина жасау министрі Акопов жолдасқа сұрақ қою мүлде орынды?

Запас бөлшектерді шығару және жеткізіп беру жоспарын орындау үшін өнеркәсіп пен жабдықтау органдары қызметкерлерінің жауапкершілігін күшейтіп, жоспардың орындалуын сәтсіздікке ұшырататын және запас бөлшектерді толық комплектісімен жөнелтуді қамтамасыз етпейтін басшылардан қатаң талап ету қажет.

Шұғыл міндет —запас бөлшектерді шығарғанда, машиналардың үздіксіз жұмыс істеуі үшін МТС-тер мен совхоздардың қажетін толық қамтамасыз ететіндей мөлшерде және сондай номенклатурада шығару ісін өрістетуде болып отыр. Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Совхоздар министрлігі запас бөлшектерді үнемді жұмсауға МТС пен совхоз қызметкерлерінің ынталылығын арттыру шараларын белгілеуге тиіс.

# Совхоздарда астық өндіруді ұлғайту және олардың шаруашылық жұмысын жақсарту туралы

Жолдастар! Біз совхоздармен мықтап шұғылдануымыз керек. Елімізде 4835 совхоз бар, оның ішінде—Совхоздар министрлігінде 3579, Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігінде 869 және басқа ведомстволарда 387 совхоз бар.

Совхоздар негізгі егіс жұмыстарын толық механикаландыруға мүмкіндік беретін маңдай алды техникамен жабдықталған. Мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру ісі жыл сайын ұлғайып келеді. Совхоздарда ауылшаруашылық өндірісі шеберлерінің сансыз көп кадрлары өсіп жетілді, олар ғылым мен озат тәжрибенің табыстарын кеңінен пайдалана отырып, ауылшаруашылық дақылдарынан жақсы өнім алып, мал шаруашылығының өнімділігін арттыруда. Озат совхоздар жерді дұрыс, жоғары өнімді етіп пайдаланып отыр.

Кейбір таңдаулы совхоздарда 1953 жылы 100 гектар ауылшаруашылық жерінен ауылшаруашылық өнімдерін өндіру туралы мәліметтер мынадай:

| Совхоздар | Сиыр малы | Мұның ішінде сиыр | Сүт (центнер есебімен) | Мал және құс еті сойылғандағы салмағы (центнер есебімен) |
|---|---|---|---|---|
| «Лесные поляны» | 71 | 29 | 1.303 | 59 |
| «Коммунарка» | 55 | 28 | 1.177 | 127 |
| «Горки-2» | 33 | 14 | 937 | 133 |
| «Холмогор» | 44 | 21 | 959 | 38 |

(Жалғасы 2-бетте)

# Елімізде астық өндіруді онан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы

## *Н. С. ХРУЩЕВ жолдастың СОКП Орталық Комитетінің Пленумында 1954 жылғы 23 февральда жасаған баяндамасы*

**(Жалғасы)**

Әдетте жақсы басшылар, қабілетті ұйымдастырушылар басқарған совхоздарда тамаша нәтижелер бар.

Амал не, жоғары көрсеткіштері бар совхоздар әзірше әлі аз. Көптеген шаруашылықтар жұмысты нашар, зиянмен істейді, көлемді жер алқаптарын рәсуа етіп пайдаланады, астықты, етті, сүтті және басқа өнімдерді аз береді.

Көптеген совхоздардың ірі кемшілігі егін шаруашылығының төмендігі болып табылады. ССРО Совхоздар министрлігі мен оның жергілікті органдарының басшылары бұл кемшілікті жоюға шаралар қолданбай келеді.

Совхоздарды өркендетудегі ең елеулі қателік астық өндіруді едәуір қысқартуда болып отыр. Кәзір қолымызда бар фактілерден Совхоздар министрлігі басшыларының күші астық өндіруді ұлғайтуға емес, қайта оны кемітуге бағытталған деп қорытынды жасауға болады.

1950 жылдан 1953 жылға дейін совхоздардағы бүкіл егіс көлемінде дәнді дақылдардың үлес салмағы 69 проценттен 52 процентке дейін кеміп кеткен. Оның есесіне азық-түлік дақылдарының егіс көлемі көбінесе көпжылдық шөп егісі есебінен 27 проценттен 44 процентке дейін ұлғайған. Бірқатар совхоздарда соңғы уақытта барлық егіс көлемінің үштен екі бөлегіндейіне көпжылдық шөптер егілген. Егер көпжылдық шөптерге біржылдық шөптерді қоссақ, онда көп совхоздарда астықтың және басқа барлық ауылшаруашылық дақылдарының үлесіне егіс көлемінің 20 — 25 проценті ғана қалған. Шын мәнісінде не астық, не басқа бағалы дақыл өндірмейтін, бірақ шөпті көп егетін «шөп» совхоздары дейтіндер пайда болды. Мұндай совхоздарда шөптер де жоқ. Олардың егін даласын қарасора және басқа арам шөптер басып кеткен.

Чкалов облысының «Броды» совхозында 1952 жылы 6210 гектар егіс көлемінің тек 1690 гектарына ғана дәнді дақылдар егілген, ал, 3617 гектарына көпжылдық шөптер егілген, яғни екі еседен аса артық. Омск облысының «Москаленский» совхозында 9210 гектар егіс көлемінің 2690 гектарына дәнді дақылдар, ал 5240 гектарына көпжылдық шөп немесе екі есе дерлік артық егілген.

Мүмкін, шөп егісінің басым болуы «шөп» совхоздарына мол өнім жыйнап, көп пішен алуға мүмкіндік берген болар? Тіпті ондай емес. Әлгі айтылған «Броды» совхозы әрбір гектардан 2,3 центнер ғана көпжылдық шөп пішенін, ал, «Москаленский» совхозы 4 центнер көпжылдық шөп пішенін жыйнайды. Мұндай совхоздар бірен-саран ғана емес.

Мұндай фактілерді Совхоздар министрлігінің басшылары біле алмады ма екен? —деген сұрақ туады. Олар бұл фактілерді білді, бірақ, астық өндірісін ұлғайтып, совхоздардың товарлылығын және рентабельділігін арттыруға қамқорлық жасау жөніндегі өз міндеттерін ұмытып, іс жүзінде мемлекетке қарсы практиканы қолдау жолына, өз системасындағы қызметкерлердің тілемсектік пыйғылдарын өршіту жолына түсті.

Нақ осындай теріс басшылықтың салдарынан совхоздарда, мұның өзі мемлекет мүдделерімен өрескел қайшы келе тұрса да, дәнді дақылдарды қысқарту бағыты күшейіп, үстем жағдайға ие болды.

Осындай жарамсыз практиканың салдарынан совхоздар елімізге ауыл шаруашылығының өнімдерін аз беріп келеді.

Жеке облыстар мен республикалардың совхоздары дәнжемді және басқа концентраттық жемшөптерді өздері өндіргеннен гөрі мемлекеттен көбірек алады.

Министрлік совхоздарға басшылық ету дәрежесін батыл көтеруге, олардың шаруашылық жұмысына оперативтілікпен араласып отыруға міндетті, сөйтіп, озат тәсілдер мен әдістердің барлық совхоздарда қолданылуына жетісуге міндетті. Министрлік мұны осы уақытқа дейін [illegible]

...қы, 1,5 сыйыр малы, 0,3 сыйыр, 11,5 қой болған, ал, 100 гектар егіндікте 3 шошқа дан келген.

Жылқы заводтарында 1952 жылы 100 гектар ауылшаруашылық жеріне шаққанда: 84 центнер астық, 5 центнер сүт, яғни 1 гектарға 5 литр сүт, сойылған сыйыр малынан 0,7 центнер ет, 0,3 центнер қой еті, 0,4 центнер жүн, 100 гектар егіндіктен 2,3 центнер шошқа еті алынған. Ал, оның есесіне жылқы заводтары мемлекеттен 1952 жылы 838 мың пұт дән-жем, кебек және құрама жемшөп алған.

Жылқы заводтарының директорлары болып, мүмкін, коммунистер істейтін болар, олар жыйналыстарда сөз сөйлеп, партияның жолын мақұлдап, коммунизм орнату жолында күресеміз деп ант беретін болар. Бірақ, өздеріңіз білесіздер, мұндай «күрес» шыбынның өгіздің мүйізіне қонып алып, оның да «жер жыртқаны» туралы белгілі мысалды еске түсіреді. Міне жылқы заводтарының көптеген басшылары мемлекеттің мойнына осылайша мініп алып, «біз де жер жырттық!» деп айқайлайды.

Бұл «жер жыртқыштар» тапсырылған іске жауапкершілік сезімінен айырылған. Олар өздерінше қаннен қаперсіз, бейқам отырып, ешнәрсені де ойламайды. Оларға сеніп тапсырылған егін даласы, Кочубейдің жері сыяқты көз жеткісіз. Пушкиннің мына өлеңі естеріңізде болар:

Кочубей әрі ауқатты, әрі атақты,<br>
Көкорай шалғын жері көз жеткісіз;<br>
Көп жылқы көлбеп алып кең алқапты,<br>
Жайылған бақташысыз, күзетшісіз.

Пушкин «Полтавасының» заманында осылай болған еді. Мұндай жағдай біздің жылқы заводтарында кәзірде де байқалып отыр. Бірақ, кәзіргі кочубейлерде көз жеткісіз егін даласынан басқа, жеңіл машина да бар, көлшік те бар, бұл көлшікте балық та бар. Оларда бәрі де бар, тек қана нағыз жұмыс жоқ, іске сүйіспеншілік жоқ. Шаруашылықты жүргізуге керекті шеберлік пен ықылас жоқ.

Бұл масқаралық, мұны тезірек жою керек! Егер жылқы заводтары пайдаланбай отырған жерлерді жыртып, оларға бидай және басқа дақылдар егілсе, онда еліміз қосымша көптеген астық алады. Мәселен, Краснодар өлкесінде, Кировоград облысында және басқа облыстарда астық өсіруге керекті ең жақсы жерлер жылқы заводтарының қарамағында болып, шын мәнісінде текке кетіп жатса, мұның өзі қылмыс қой.

Жолдастар, неліктен былай болып отыр? Бізде Совхоздар министрі, оның орынбасарлары бар, министрлікте әртүрлі бас басқармалар бар, мамандар да бар. Оларға бұл мәлім емес пе? Белгілі бір лаборатория арқылы мұндай «жаңалықтар» ашу керек пе еді? Қарапайым адамның өзі де, егер ол өз міндеттеріне тек қана адал және шын ниетпен қарайтын болса, бұл сыяқты есуастықты көреді.

Мұндай адамдарды әшкерелеу керек, халық дәулетін шашушылар ретінде еліміздің халқы үшін көп мөлшерде өнім алу жолындағы күреске бөгет жасаушы оңбаған қызметкерлер ретінде оларды жазалау керек.

Өздерінің мол мүмкіншіліктерін шебер пайдаланғанда совхоздар тек астық пен басқа дақылдарды ғана емес, сонымен қатар, малшаруашылық өнімін өндіруді де шұғыл ұлғайта алады. Алайда, еліміз совхоздардан етті, сүтті, жүнді осы күнге дейін аз алып отыр.

100 гектар ауылшаруашылық жеріне шаққанда совхоздар мемлекетке тек қана 23 центнер сүт, 5 центнер сойылған мал етін және 45 килограмм жүн беріп отыр.

Шошқаларды бордақылау үшін картоп пен жүгері өсіруге зор мүмкіншіліктер бар. Солтүстік-Батыс, қара топырақты емес Орталық өңір, Белоруссия совхоздарында, Поволжье, Солтүстік Кавказ аудандарында шошқа етін өндіруді ешбір қанағаттанарлық [illegible]

мақсат үшін, әсресе, қара топырақты емес өңірде картоп, ал, оңтүстіктің далады аудандарында жүгері мүлдем аз мөлшерде пайдаланылып келеді. Бұл сыяқты кемшіліктер басқа министрліктердің совхоздарының жұмысында да, мәселен, Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігінің совхоздарында да бар.

Бұл министрлікте совхоздар тамақ өнеркәсібінің қант, спирт, крахмал-патока және басқа заводтарының өңірлерінде техникалық дақылдар өндіру үшін құрылған. Шынында бұл совхоздар техникалық дақылдарды, овощь пен картопты көбірек өндіруге тиісті еді. Алайда, олай болмай отыр. Егіс көлемінде техникалық дақылдар 11 процент қана, дәнді дақылдар 44 процент қана, ал, жемшөптік дақылдар 41 процент, мұның ішінде көпжылдық шөп 25 процент болып отыр.

Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігінің совхоздарында әрбір 100 гектар егіндікке, шабындық пен жайылымға келетін мал аз. Бұларда 100 гектар ауылшаруашылық жеріне 17 ғана сыйыр малы, мұның ішінде 5 сыйыр, 100 гектар егіндікке 18 ғана шошқа келеді. Бұл министрліктің совхоздары мемлекетке әрбір 100 гектар ауылшаруашылық жеріне шаққанда 112 центнер сүт және сойылған малдың 19 центнер етін өткізеді.

Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігі тамақ өнеркәсібі орындарының қалдықтарымен сыйыр малын семірту ісін нашар өркендетіп отыр. Бұл мүмкіншіліктерді Совхоздар министрлігінің совхоздары да пайдаланбай келеді. Сөйтіп, бұл совхоздар жыл сайын мемлекетке көптеген арық малды тапсыруда. Мұның үстіне Совхоздар министрлігі қоңы нашар малды өткізу жөнінде өзіне рұқсат беруді үкметтен талай рет сұрады.

Бізде ет дайындау жұмысы нашар жүргізіліп отырғанын атап өту керек. Дайындалған мал сойылатын жерлерге жеткенше көптеген салмағынан да және қоңынан да айырылып қалады. Соның салдарынан ет пен терінің салмағы және сапасы жағынан көп шығынға ұшырауына жол беріліп келеді.

Екінші жағынан, бағалы жемшөптің, жомның, төптің, мезгінің және тамақ өнеркәсібіндегі басқа да қалдықтардың орасан зор ысырап болуына жол беріліп отыр. Кебек пен күнжара шаруашылыққа пайдаланылмайды.

Колхоздардан түсетін малды семірту үшін жомды жақсылап пайдалану қажет. Мал семіртетін базалар болу керек, бұл базаларды кебекпен, күнжарамен, жоммен, мезгі және төппен жабдықтау керек. Мал семірту ісін ұйымдастыра отырып, жоғары сапалы көптеген қосымша ет алуға, терінің және сондайлардың сапасын жақсартуға болады.

1953 жылы тамақ өнеркәсібі орындарында 2 миллион тоннадай бағалы тамақ қалдықтары (жом, төп, мезгі және басқалары) рәсуа болды, ал, бұл қалдықтар өзінің коректік бағалылығы жөнінде 242 мың тонна астыққа пара-пар еді.

Шошқаны семірту үшін асханалар мен қалалық кухналардың тамақ қалдықтары нашар пайдаланылады. Асханалар, санаторийлер, балалар үйлері, ауруханалар, әскери бөлімдер және басқалар өздерінде шошқа семірту үшін бұл істі ұйымдастыруы керек. Өз қызметкерлерінің тамағын жақсарту үшін ұйымдар мен мекемелер семіртілген малдан түскен етті пайдаланатын болсын. Ал, материалдық жағынан ынталылықты арттыру үшін семіртілген малдан алынған етті тамақ үшін өзіндік құны бойынша беріп отыру керек.

Совхоздар ең қысқа мерзім ішінде астықты және мал шаруашылығының өнімдерін өндіруді және мемлекетке өткізуді екі есе және одан да көп арттырады және арттыруға тиіс. Олар іс жүзінде жоғары рентабельді және үлгілі шаруашылықтарға айнала алады және айналуға тиіс.

Таяудағы екі-үш жылдың ішінде совхоздар [illegible]

және мұнысыз өмір сүре алмайтын бюрократтардың қатты қарсылығына кездесетінімізді еске алу керек. Бюрократтар мен қағаз- құмарлар біз қаулы шығарған екен деп жер бетінен жойылып кетпейді. Бюрократтық сыяқты зор кеселді жою жөнінде қажырлы, ерінбей істейтін, батыл жұмыс керек болады. Бұл іске барлық партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарын қатыстыру керек.

Біз басқарудың жеке буындарын өндіріске жақындатуымыз керек. Жуырда үкмет Украинада республикалық Қара металлургия министрлігін құру туралы қарар қабылдады. Украина Коммунистік партиясының Орталық Комитетімен және УССР Министрлер Советімен келісім бойынша бұл министрлікті Киевте емес, Днепропетровскіде орналастыру қолайлы деп танылды. Украинада республикалық Көмір өнеркәсіп министрлігін құру еске алынып отыр. Украина республикалық ұйымдарының пікірінше, оны да Киевте емес, от Донбасстың орталығында болуы үшін Сталинода немесе Артемовскіде орналастырған жөн. Азамат соғысынан кейін В. И. Лениннің нұсқауы бойынша таскөмір өнеркәсібін басқарудың орталығы Артемовск қаласында болғанын бұл арада еске түсіре кету орынды.

Соңғы жылдары көптеген бас басқармалар өздері басшылық ететін кәсіпорындардан алыстап кетіп, Москваға жыйнақталды. Жуырда ССРО Министрлер Советі Азық- түлік товарлар өнеркәсіп министрлігінің Оңтүстік бассейн мен Солтүстік бассейндегі балық өнеркәсібі бас басқармасын Москваға орналастырған қатесін түзетті. Осы басқарманың қызметкерлері Москвада отырып алып, осы жерден өздерінің «қағаз ауларын» жіберіп жататын.

Істің пайдасы үшін өндіріске жақындатуды керек ететін мұндай бас басқармалар әлі де қанша десеңізші! Мұның өзін ауылшаруашылық органдарында да істеу керек.

Мысалға ССРО Совхоздар министрлігін алайық. Мұнда қаракөл өсіруші совхоздардың бас басқармасы бар. Мұндай совхоздардың анағұрлым көп бөлегі Өзбек, Түркмен, Тәжік және Қазақ республикаларында. Ал, бұл совхоздардың бас басқармалары қай жерде? Москвада. Оны жоғарыда аталған республикалардың біріне орналастырған жақсы болмас па еді? Дәл осы министрліктің Москвада торқалы совхоздар трэсі бар. Ал, трест совхоздарының көпшілігі Қырғыз және Қазақ республикаларында.

Немесе Россия Федерациясы Совхоздар министрлігін алайық. Министрліктің орталық аппаратында Москвада шығыс совхоздары бас басқармасы бар, ал бұл басқарма Приморье, Хабаровск, Красноярск өлкелеріндегі, Иркутск, Чита облыстарындағы совхоздарға басшылық етуге тиісті. Москвада Батыс Сибирь совхоздарының бас басқармасы тұрады. Шығыс совхоздарының бас басқармасын айталық, Иркутскіге ал Батыс Сибирь совхоздарының бас басқармасын, мәселен, Новосибирьскіге орналастырған жақсы болмас па еді? Мұның өзі бас басқармалар қызметкерлерінің совхоздарда жиі болып, олардың өмірін зерттеуіне, жергілікті жердегі тілектерге құлақ асуына мүмкіндік берген болар еді. Сонымен қатар, совхоздар мен трестердің қызметкерлері де бас басқармада жиі болып тұра алар еді.

Мұндай мысалдарды басқа министрліктер жөнінде де көптеп келтіруге болады. Басқару органдарын өндіріске жақындату және басшылықты жақсарту мақсатында бас басқармалар мен трестердің орналасуын қайта қарау қажет.

Ауыл шаруашылығына басшылық ету ісін жақсартуда ауылшаруашылық насихаты, озат тәжрибені үйрену аса маңызды орын алатындығын тағы да еске түсірген жөн. Сентябрь Пленумынан кейін ауыл шаруашылығындағы ғылым мен озат тәжрибенің табыстарын насихаттау біраз жақсар-

өзін мына мысалдан көруге болады. Краснодар өлкесінің өте құнарлы жерлеріне Березан және Ново-Покров астық совхоздары орналасқан. 1953 жылы бұл совхоздардың жұмыс қорытындылары мынадай болып отыр:

| | Березан астық совхозы | Ново-Покров астық совхозы |
|---|---|---|
| Жалпы егіс көлемі гектар | 11.911 | 19.283 |
| Мұның ішінде дәнді дақылдар гектар | 7.548 | 12.094 |
| Мұның бидайы гектар | 6.616 | 9.983 |
| Дәнді дақылдардың шығымдылығы гектарынан алынған центнер | 18,9 | 11,8 |
| Мұның ішінде күздік бидай гектарынан алынған центнер | 19,9 | 12,5 |
| 100 гектар ауылшаруашылық жерінен мемлекетке өткізілгені: | | |
| Астық центнер | 863 | 371 |
| Сүт центнер | 79 | 28 |
| Еттің сойғандағы салмағы центнер | 25 | 8 |
| Мұның ішінде 100 гектар егіндіктегі шошқа еті | 24,5 | 5,7 |
| 1 центнер өнімнің өзіндік құны: | | |
| Астық сом | 17 | 27 |
| Сүт сом | 78 | 92 |
| Сиыр малының еті сом | 396 | 163 |
| Шошқа еті сом | 561 | 1007 |

Бұл совхоздардың шаруашылық жұмысының нәтижесі мынадай: бірінші совхозда 979 мың сом мөлшерінде пайда алынған, ал, екінші совхозда 1 миллион 37 мың сом мөлшерінде зиянға жол берілген.

Мұнда басқа совхоздардағы сияқты, жұмыстың нәтижелері жауынға немесе күнге байланысты емес, қайта шаруашылықты кімнің қалай жүргізгендігіне байланысты болып отыр. Березан совхозында шебер ұйымдастырушы Лысенко жолдас, ал, екінші совхозда шаруашылыққа нашар, істі білмей басшылық ететін Бубнов жолдас директор болып істейді. Бубнов жолдастың «басшылығы» мемлекетке қымбатқа түсті. Совхоз бір жыл ішінде миллион сом зиян шекті, ол елімізге соншалық өнімді кем берді.

Сонымен, жер қыртысы мен ауарайы біркелкі жағдайда жұмыс істейтін біздің алдымыздағы екі совхоздың өркендеуі үшін біркелкі мүмкіншіліктері бар. Бірақ, көріп отырсыздар, нәтижелер мүлдем әрқилы болып отыр.

Алдыңғы қатарлы Березан совхозында қалыптасқан жұмыс практикасын Ново-Покров совхозына және басқа астық совхоздарына көшіруге неліктен болмайды? Әрине, болар еді.

Ендеше министрліктің ұйымдастырушылық ролі қайда? Озаттықты бір совхоздан екінші совхозға көшіру үшін ондаған жылдар керек бола қояр ма екен? Жоқ, әңгіме министрлік қызметкерлерінің озаттықты басқа совхоздарға жеткізу үшін шаруашылықты дұрыс ұйымдастырудың тәжрибесін зерттемейтіндігінде. Министрлік совхоздарда істің дұрыс жүргізілуін қамтамасыз етпей отырған және қамтамасыз ете алмайтын басшыларға жылдар бойы төзумен келеді, оларды басқа, қабілетті басшылармен ауыстырмайды. Істі өз бетімен жіберушілік орын алуда. Министрліктің басшылары әрбір жеке совхоздың жағдайын білмейді. Істің жайы туралы тек қана орта көрсеткіштер бойынша қорытынды жасайды.

Совхоздар министрлігінің системасында қандай сорақылықтар болып жатқанын жылқы заводтарының жұмысындағы практикадан келтірілген сансыз көп фактілер де сыпаттайды.

Орталық -қаратопырақты облыстардың, Солтүстік Кавказдың, Поволжьенің, Украинаның, Сибирьдің және Қазақстанның аудандарында ССРО Совхоздар министрлігі бұл совхоздарға 4,2 миллион гектар жерді бекітіп берген. Жылқы заводтарында 1952 жылдың аяғында 100 гектар ауылшаруашылық жеріне шаққанда тек қана 2,7 асыл тұқымды жыл-

Совхоз өнімінің өзіндік құны әлі де жоғары. Шошқа етінің өзіндік құны тіпті жоғары, өйткені, малды сырттан әкелінетін қымбат концентраттық жемшөппен асырайды. Бұл

руды кемінде 500 миллион пұтқа жеткізуге және сонымен қатар, мемлекетке өткізілетін еттің, сүттің және басқа ауылшаруашылық өнімдерінің мөлшерін арттыруға міндетті. Бұл —совхоз қызметкерлерінің абройлы ісі.

# Ауылшаруашылық органдарының жұмысы туралы

Жолдастар! Орталық Комитеттің өткен Пленумында МТС-терге, колхоздар мен совхоздарға басшылық етудегі елеулі кемшіліктер ашылған еді. Пленум өткеннен кейінгі уақыт ішінде біз істің жайын тереңірек зерттеп, ауыл шаруашылығының бірқатар тарауларындағы салақтықтың жаңа фактілерін аштық, ал, бұл туралы мен осы Пленумға баяндап өттім. Бұл жөнінде кінәлі кім деген сұрақ туады? Ең алдымен жұмыстың бұл аса маңызды участогінде болған басшылар кінәлі.

Совхоздардың басшылығын ұзақ уақыт бойы Скворцов жолдас басқарып келді. Оның басшылығының нәтижелерін қазір сіздер көріп отырсыздар. Бірқатар совхоздарда жер салақтықпен пайдаланылмай келеді, соның салдарынан еліміз көптеген ауылшаруашылық өнімін кем алып отыр. Скворцов жолдас сенімге ие болды, бірақ, ол іс жүзінде түкке тұрғысыз ұйымдастырушы және орашолақ қызметкер болып шықты. Бұл оған аброй емес. Осы фактілерден қажетті қорытынды шығару керек. Скворцов жолдас осындай сенімге бұдан әрі ие бола қояр ма екен. Ол, Совхоздар министрінің бірінші орынбасары болып отырып, жағдайды түзете алар ма екен деген зор күмән туғызып отыр.

Бірақ, әңгіме тек совхоздар мен Скворцов жолдаста ғана емес. Бұл жөнінде ССРО Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінің жеке қызметкерлері мен ССРО Ауыл шаруашылығының министрлігінің басшылары да кінәлі, өйткені, олар көп аудандарда жердің дұрыс пайдаланылмауына жол беріп келді. Олар ауыл шаруашылығындағы істің жайы туралы үкметпен Орталық Комитетке деркезінде баяндап, шұғыл міндеттерді қойып отыруға, астықтың және басқа ауылшаруашылық өнімінің өндірісін ұлғайту үшін күресуге міндетті еді. Ал, шынында олар көп ретте кемшіліктерді бүркемелеп келді.

Жоспарлау ісіндегі кемшіліктер үшін кінәнінің үлкені Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті председателінің орынбасары, ауылшаруашылық мәселелерін басқаратын Демидов жолдас та және ССРО Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінің ауыл шаруашылығын жоспарлау басқармасының бұрынғы бастығы Дмитриев жолдас та болып отыр. Демидов пен Дмитриев колхоздарда және әсресе, совхоздарда дәнді дақылдар егісінің шұғыл қысқарып кеткенін көріп отырды, бірақ, олар бұған қарсы шықпағаны былай тұрсын, қайта мұның керісінше, осындай теріс, мемлекетке қарсы практиканы белсене қолдап, жүргізіп отырды. Қазір мемлекеттік Жоспарлау Комитетінің қызметкерлері: «Я, бұл шынында да сорақылық екен» деседі. Бірақ, бұл сорақылық Демидов пен Дмитриев жолдастар әзірлеген жоспарларда көзделген ғой. Бұл қызметкерлер шөптанапты егіс жүйесін шаруашылыққа нәтиже бермейтін аудандарда қолданудың белсенді жүргізушілері болды, мұның өзі дәнді дақылдар егісін едәуір қысқартуға және астық түсімін кемітуге әкеп соқты. Демидов жолдас және әсресе Дмитриев жолдас теріс жоспарлауға қарсы үн көтерген, егіс көлемінің құрылымын өзгертуді ұсынған адамдарды қудалап отырды. Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінде жұмыс істей отырып, Демидов жолдас өзінің қателіктерін түзей алар ма екен деген күмән туады.

Ауыл шаруашылығы министрі —Бенедиктов жолдастың теріс қылығы туралы да айта кету керек. Бенедиктов жолдас —агроном, ол өзін оперативті және принципті қызметкер етіп көрсетті. Ендеше ол бұл қателіктерге деркезінде қалай көңіл аудармады, қателіктерге қалай қарсы шықпады? Сірә, бюрократизм оны әбден билеген болса керек.

Бұл қателерге ССРО Совхоздар министрі Козлов жолдас бұдан да көбірек кінәлі. Ол жас министр, бұл қызметте небары бірнеше ай істейді дейтіндер болар. Бірақ, оның бұрынғы қызметте де ауыл шаруашылығына тікелей қатысы болды және ол ауыл шаруашылығының мәселелерін шешуге —Мемлекеттік Жоспарлау Комитетіне де, Ауыл шаруашылығы министрлігіне де, Совхоздар министрлігіне де, ауылшаруашылық ғылми мекемелерге де тікелей ықпал жасап отырды.

Жұмысымыздағы кемшіліктерді батыл ашу керек, ауылшаруашылық органдарының жұмысын жоғарыдан төменге дейін жақсарту керек. Ал, бұл үшін ең алдымен партия мен үкмет ауыл шаруашылығы органдарындағы жұмысты тапсырған барлық қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру қажет.

Сентябрь Пленумы ауылшаруашылық органдарының жұмысын қайта құру міндетін қойған еді. Соңғы уақытта Ауыл шаруашылығы, Совхоздар және Дайындау министрліктерін қайта құру жұмысы жүргізілді. Бірақ, бұл істің кіші-гірім бөлегі ғана. Бұл министрліктердің штаттары едәуір қысқартыла тұрса да олардың аппараты әлі де үлкен және оның жұмыс стилі аз өзгерді.

Министрліктердің басшы қызметкерлері әлі күнге дейін МТС-терден, колхоздар мен совхоздардан қол үзіп отыр, жергілікті жерлерде аз болады. Өткен Пленумнан кейін Совхоздар министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігінің көптеген басшы қызметкерлері совхоздар мен колхоздарда бір рет те болған емес, мұны тәуір жағдай деп тануға болмайды. Әдетте, жер- жерге қатардағы қызметкерлер барады, ал, барғанда көбінесе түрлі фактілер жинап, атүсті тергеу жүргізу үшін ғана барып қайтады. Министрліктерде облыстар мен аудандарда болған қызметкерлердің не істегендігіне өте аз көңіл бөлінеді.

Жергілікті орындарға басшылық ету осы уақытқа дейін де көбінесе директивалар мен бұйрықтар жіберу жолымен жүзеге асырылып келеді. Ал, басшы қызметкерлердің көбі МТС-те, колхоз бен совхозда жұмысты қайткенде жақсы ұйымдастыру керек екенін білмейді және білгісі де келмейді, мұның өзі мүлдем төзуге болмайтын нәрсе. Олар барлық мәселелер жөнінде барлық аудандар мен колхоздар үшін директивалар бере аламыз деп, бұл директивалар жұмысты жақсарту үшін жеткілікті болады деп есептеп, өз күштерін асыра бағалайды. Мұндай өзіне- өзі орынсыз сенушіліктерден бастартып, ұйымдастырушылық жұмысты көбірек жүргізу керек, өндірісте —колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда адамдармен жиі кездесіп отыру керек.

Министрліктердің аппаратын қысқарту жөніндегі жұмысты онан әрі жүргізе беру керек, қызметкерлердің бір бөлегін практикалық жұмысқа жіберу керек. Өмірден артта қалған және бюрократтанған кейбір қызметкерлердің орнына жергілікті жерлерден машина- трактор станцияларына, колхоздар мен совхоздарға практикалық басшылық еткен тәжрибесі бар озат адамдарды алған жөн. Бұдан іс сөзсіз жақсарады.

Бюрократтық пен қағазбастылыққа қарсы ең аяусыз күрес жүргізу керек, мұны тек ауылшаруашылық органдарында ғана жүргізіп қоймау керек. Мен партиялық және мемлекеттік аппараттың жұмысындағы кемшіліктерді толық айтып жатпаймын, өйткені, бұл туралы партияның Орталық Комитетінің жуырда ғана қабылданған қарарында айтылған, бұл қарармен сіздер бәріңіз де, әрине, таныстыныздар.

Біз аппарат жұмысындағы қателіктер мен кемшіліктерді батыл ашып, кеңсешілдік- бюрократтық басшылықтың іске зиянды практикасын жойып, кадрларымызды пайдалы іске жұмылдыруымыз керек. Сонымен қатар, істің орындалуын тексеруді барынша күшейтіп, кадрларды дұрыс іріктеу және орналастыру ісін қамтамасыз ету керек, барлық қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру керек. Аппаратты қысқарту және оның жұмысын жақсарту жөніндегі істі де жүргізе беру қажет.

Бұл істі бірден шеше салуға болмайтындығы түсінікті. Бұл арада біз істі тек қана қағаз арқылы білуге үйренген

ды. Дегенмен, бұл жөнінде істелген іс әзірше аз.

Ауыл шаруашылығы министрлігі және көптеген жергілікті ауылшаруашылық органдары жаңа тәсілдер мен әдістерді колхоз өндірісіне ендіру жөніндегі жұмыста қажетті оперативтілік және қажырлылық көрсетпей келеді, озат тәжрибені нашар қорытады, мұның салдарынан ауылшаруашылық насихаты көп ретте жалпы, дерексіз сипатта болып, өмірден қол үзіп отыр.

Еліміздің әрқилы аудандарындағы өңірлік ерекшеліктерді есепке алған, озат колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың табыстары туралы жақсы кітаптар, кітапшалар мен плакаттар әлі де аз шығарылуда, ал, шығарылған кітаптар мен кітапшалар көбінесе атүсті жазылған және озаттардың жұмыс әдістерін ашпайды.

Ғылми- зерттеу институттарының жұмысы туралы өз алдына айта кету керек. Социалистік егіншілікті өркендету ісінде советтік ауылшаруашылық ғылымының айтарлықтай еңбектері бар. Совет ғалымдары көптеген пайдалы жаңалықтар ашты, бұл жаңалықтар өндіріске кеңінен енгізілуде. Елімізде сансыз көп ғылми қызметкерлер кадрлары өсіп жетілді.

Алайда, ғылми мекемелерге басшылық ету жөніндегі жұмыста елеулі кемшіліктер аз емес екенін мойындау керек. Көптеген институттар мен тәжрибе станцияларының колхоздармен, МТС-термен және совхоздармен байланысы әлі нашар. Кейбір институттарда ғылымға ешбір қатысы жоқ, практикалық жұмыста істі ақсатқан адамдар істеп жүр. Ауыл шаруашылығын өркендету ісіне көп зиян келтірген Дмитриев жолдасты тағы да мысалға алайық. Дмитриев Мемлекеттік Жоспарлау Комитетіндегі қызметтен босатылғаннан кейін оған оңтүстіктегі МТС-тердің біріне немесе бір совхозға жұмыс істеуге бару ұсынылған, бұл жерде ол, мәселен, Херсон облысында шөп аралас егіннен мол өнім алуға болатынына практикада көзін жеткізе алатын еді. Бірақ, ол бұлт беріп, Ғылым академиясының докторантурасына түсті, академик Т. Д. Лысенконың қолдауын пайдаланып, биология ғылымының докторы деген ғылми атақ алуға тырысты. Экономика институтында жұмыс істеп, әлгі ғалымсымақ апшан жүріп жатыр және ауыл шаруашылығын қалай жүргізу керек екенін жұрттың бәріне үйретуде, университетте лекциялар оқуда, бір сөзбен айтқанда ғылымды «байытуда». Біз тың және тыңайған жерлерді игеру туралы мәселені жаңа ғана талқылап жатқанда, Дмитриев жолдас осы мәселе жөнінде жұрт алдында лекциялар оқуға асығуда. Мұндай «ғалымдардан» біздің ғылымның пайда алмайтыны түсінікті.

Бұл бірен- саран мысал болар ма екен? Амал не, өздерін ғылми қызметкерлер деп атайтын, ғылымға ешқандай қатысы жоқ жеке адамдар кездеседі.

Ғылми мекемелерге көбірек көңіл бөліп, ғылми қызметкерлерге көмек көрсету керек, ал, ғылми мекемелерге кездейсоқ еніп кеткен және ешқандай пайда бермейтін адамдарды шығарып жіберу керек.

Ғылми мекемелердің жұмысының мазмұнына күнбе-күн қанық бола отырып, олардың қайда орналасқандығын да қарастыру керек. Егер біз мұқият қарастырсақ, онда мұнда да көптеген кемшіліктерді табамыз.

(Соңы келесі санда)

### ТҮЗЕТУ

Газетіміздің өткен санында жарияланған Н. С. Хрущев жолдастың СОКП Орталық Комитетінің Пленумында 1954 жылғы 23 февральда жасаған баяндамасының бірінші беттегі «СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарларын орындаудың барысы туралы» бөлімінің 2-бағанасындағы жоғарыдан санағанда 5-абзацының соңғы сөйлемі: «мал қыстатудың өткен айларының ішінде малдың өлімі біржарым есе азайып, оның өсімі сәл арта түсті» деп оқылуын газет оқушылардан сұраймыз.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР. редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері— 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы —4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00524. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.